

"Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 891 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

"Ұлттық почта желісі" деген бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 44 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14130 болып тіркелген) почта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес орналастырылатын, қызметтер көрсету үшін жабдықталған және пошта байланысының стационарлық бөлімшелері түрінде жұмыс істейтін Ұлттық пошта операторының өндірістік объектілері
----	---

";

"Ғарыш саласының объектілері" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 12, 13, 14 және 15-жолдармен толықтырылсын:

"

--	--

12.	Ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешені (Астана қаласы)
13.	Ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы (Астана қаласы)
14.	Жерді қашықтықтан зондтау (бұдан әрі – ЖҚЗ) ғарыш аппараттарын басқарудың жерүсті кешені (Астана қаласы)
15.	ЖҚЗ ғарыш аппараттарынан ақпарат қабылдауға, оны өңдеуге және таратуға арналған жерүсті нысаналы кешені (Астана қаласы)

".

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесі мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"

Ғарыш инфрақұрылымы	
1.	"Боран" орбиталық кемесі: 1. Зауыттық нөмірі 2К1 11Ф35 бұйымы. 2. Зауыттық нөмірі МТ 11Ф35 бұйымының макеті.

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов